



ОЧЕСТАВИТЕЛЬСТВО. Рассказы о казаках и их героях. Книга для чтения

«ЖАЛҚАУЛЫҚ МАҒАН КЕРЕК ЕМЕС ШЫҒАРМАЛАРДЫ ЖАЗБАУҒА ҮЙРЕТТИ»

Откен аптада «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Төлен Әбдік қонаққа келген еді. Емен-жарқын әңгіме арасында уақыт тауып, жазушымен сұхбаттасып үлгердік. «Ұлтшылдық деген – өз ата-анаңды жақсы көрген секілді өз халқынды жақсы көру», – дейді ол



- Жазу жайлыш арман қашан оянды?

– Мен бесінші сыныпты тәмамдағаннан кейін әкем мектепте шаруашылық ісінің менгерушісі болды. Оқушылардың бәрі жазғы демалысқа кеткенде кітапханаға ұрланып кіремін. Сөреде қазақ авторларынан бөлек Жюль Верннің, Марк Твеннің, Ханс Кристиан Андерсеннің кітаптары самсап тұратын. Соларды оқып, жаңа бір әлемнің қақпасы ашылғандай күй кешемін. Тіпті кітап оқымасам тұра алмайтын жағдайға жеттім. Таңертең көзімді тырнап ашып оянғаннан кітап оқимын. Осы үшін ұрыс естіген күндерім де аз емес.

Жазуды да оқушы кезімнен бастадым. Әрине, ең алдымен мектептегі қабырға газетіне өлең жазып жүріп қолға қалам алдық. Негізінен студент атанғаннан кейін барып шығармашылыққа толықтай бет бүрдым деп айта алмын.

- Қай шығармаңыздан кейін өзіңізді жазуышы сезіне бастадыңыз?

– Тап басып айту қыын. Кейде жазуға отырған кезде адамда басқа бір

көңіл күй болады. Мысалы, «Парасат майданын» жазу барысында маған дейін мұндай сөзді ешкім айтпағандай, өзімді құдайдай сезінген кездер болды. Бірақ шығарма аяқталғаннан кейін санамды сан құдік торлады: жалпы жүрттың миын ашытатын осындаі дүние қажет пе, жоқ па – жауабын таппадым. Бұл уақытта мен президент әкімшілігінде жұмыс істейтінмін. Бірде әлдеқандай шаруамен Ақселеу (Сейдімбек – ред.) кіріп келді. Аз-кем әңгімеден соң «Парасат майданының» қолжазбасын беріп тұрып: «Ақселеу, басым қатып отыр, осыны оқып бересің бе?» – деп қолына ұстарттым. Төрт-бес күннен кейін қолжазбамды қайта әкелді. Ішіне әлдене жазыпты. Сонда: «Мен саған ештеңе айтпаймын.

Жазғанымды өзің оқисың. Өзің білесің, ұлтқа қызмет ету үшін оның тарихын зерттеу керек деген оймен көркем әдебиетті тастап кеттім. Соған қазір өкініп те, қызығанып та отырмын», – деп шығып кетті. Тағы бірде, тұнгі он екі жарымда Әбдіжәмил Нұрпейісов қоңырау шалды. Өзі үзіп-үзіп сөйлейтін адам еді жарықтық. Ұйқылы-ояу тұтқаны көтерсем, «Сенің «Парасат майданыңды» оқып шықтым» деді. Пауза. «Жігіттер жақсы дегенге көп жақсының бірі шығар деп ойлап едім» деді. Тағы да пауза. «Сенің бұл шығармаң, мен шынымды айтайын, – деді де, – это – явление» деп, телефон тұтқасын қоя салды (күлді). Осындаі лебіздерді естігеннен кейін сенімің қайта орныға бастайды.

– Сонда шығармашылық тұлғаны үлкен жазушылардың мақтауы өсіреді ғой, иә?

– Әрине, мақтау сөз адамға әсер етеді. Бірақ көп мақтау адамды тоқыратып тастайды. Мақтауға аш жүрген жақсы. Аш жүрсөң, ұмтылып жүресің. Кейде біз жас кезімізде бағаланбады дейміз. Қайта сол дұрыс болған, бағаланбағаннан кейін барып ілгері жүре бересің. Одан әрі ізденесің.

- Шабыт дегенге қалай қарайсыз?

– Шабыт еңбекпен келеді. Оған әлдеқандай жағдайлардың әсер етуі мүмкін екенін де жоққа шығармаймын. Бірақ өз-өзіңе талап қойып, жазу үстеліне өзінді байлап-матаған сайын шабыт та жақындаі береді.

Ал өзім жанкешті еңбектенген адам емеспін. 1959 жылы университетке тапсырып түсе алмай қалдым да, келесі жылы қайта тапсырамын деп осында қалып қойдым. Бос жүрмей, түрлі-түрлі үйірмелерге бардым: құрес, домбыра, т.б. Мұның сыртында жұмыс істеу керек, кітап оқу қажет деген секілді... Әйтеуір басымды тауға да, тасқа да соққан кезім көп болды. Эркімнің өз тағдыры өз алдына. Ешкімге ұқсамайды.

Дегенмен жан қинайтын қаншама жұмыс болғанмен, кез келген қаламгер жазу үстеліне отырғанда бүкіл дүниені ұмытуға тиіс, шын беріліп жазуы керек. Сонда ғана жетістікке жетесің. Марсель Прустың «Жалқаулық маған керек емес шығармаларды жазбауға үйретті» деген сөзі бар. Кейде қалжындаған мен де осы сөзді қайталаймын (күлді)...

- Аға, сіз сергек оқырмансыз. Айтыңызши, осындаі үлкен жазушы шығарманы қалай оқиды? Сіз үшін әдеби шығарманың сапасын

анықтайдын элементтер қайсысы?

- Ең бірінші элемент – тіл. Тілді меңгермесең, сөзді орнымен қолдана білмесең, сөйлем құрай алмасаң, ойыңды жеткізе алмайсың, шығармаңды ешкім қабылдамайды. Бұдан бөлек, әркім өзінің көргенін, дүниені қалай қабылдайды, соны жазады. Ван Гог деген суретші бар. Сол кісі өмірді суреттегенді фотоаппаратпен түсіргендей беруге болмайды дейді. Онысын ондай туындыда өмір де, адамның жаны да, ой да сақталмайды деп түсіндіреді. Демек, сенің туындыңнан өмірдің сендергі сәулесі, өз көзқарасың көрінсін. Сен сырттағы өмірді емес, өзің көрген өмірді сал. Мәселен, Дулат (Исабеков – ред.) юморсыз жаза алмайды. Ал Мағаунде ешқандай юмор жоқ. Айтқанында шынайылық болса, оқырман ретінде, мен бәрін қабылдаймын. Тағы бір айта кетерлігі – ситуация. Эдебиетте ситуация – өте керек дүние. Кейіпкерің керемет ситуацияға түскеннен кейін барып қана оқырманға әсер ете бастайды. Дулат осыны жақсы жасайды. Бұрын театрда «Әпке» спектаклін көріп отырып, біреудің еңіреп жылағанын естігенмін... Міне!

- Модернист жазушылардың кейіпкерлері жсаны қираған, кішкентай адамдар болды. Постмодернистердің кейіпкерлері көбіне, керісінше, зиялды адамдар. Сіздің ойыңызша, жынырма біріншиғасырдың, қазіргі заманның, дұрысы, қазіргі қазақтың кейіпкері кім?

- Бүгінгінің кейіпкері мынау деп айтуға келмейді. Өйткені заманның өзі белгілі бір ырғаққа түсіп үлгермеді. Меніңше, әдебиет ізденіс үстінде. Сондықтан қалыптасқан дүние бар деп айта алмайдын. Қазір сондай бір бейmezгіл заман, үстана қоярлықтай дәстүр де жоқ. Сол үшін шығармаңа кімді, нені өзек етсең де, мейлінше шындықты жазу керек және бүгінгі күннің көзқарасын қалыптастырماқ ләзім. Ортағасырлықты қою керек. Ол бізді ілгері бастырмайды. Бізді алға жетелейтін – ұлттық көзқарас қана. Ұлттық көзқарас деген не? Ұлттық көзқарас – өзгелерге де дұрыс қарай білу деген сөз. Мысалы, бірінші, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемдік көзқарас өзгерді. Бұрын қалай болатын? Бұрын әр мемлекет өз мұддесін ғана ойлайтын. Ол баяғыда қалған ұғым. Ал екінші дүниежүзілік соғыста әлем бойынша 60-70 млн адам құрбан болған еken. Сонда кім жеңді? Бәрі жеңілді! Сондықтан басқа қағидатпен өмір сұру керек. Сенің бостандығың – басқа біреудің бостандығына зиянын тигізбейтін жерге дейін ғана. Бұл түсінікпен тек Азия ғана өмір сүрмейді. Оның ішінде Ресей мен Қытай да бар. Біз болсақ, азаматтық қоғамға ауысуымыз керек. Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейді. Демек, Абай – мұндай түсінікке қазақтан бірінші болып жеткен адам. Абайдың 175 жылдығында осыны басты назарда ұстауымыз қажет еді. Біз оның орнына Абайды бір жыл бойына діншіл қызып шығардық. Ұлтшылдық деген не? Ұлтшылдық деген – өз ата-анаңды жақсы көрген секілді өз халқыңды жақсы көру. Бірақ ата-анаңды жақсы көретінінді айтып көшеге шықпайсың ғой... Қолыңнан келсе жақсылық жаса.

Үндемей жаса. Бүгінгінің кейіпкерін шындықтан бұра тартпай дәл беруің де жасаған жақсылығың болмақ.

- Аға, біз секілді жас қаламгерлерге сіздің шығармашылық «әлеміңіз» өте қызық. Қай уақытта жазасыз? Жалпы бір күніңіз қалаі өтеді?

- Әртүрлі. Кейде жазам, кейде ауырам, кейде бәйбішем ауырады, соған аландаймын. Қазір біздің жазуымыз денсаулыққа байланысты. Денсаулық жақсы боп тұрса, ауырмасақ, үздіксіз жұмыс істеймін. Күнделікті ойларымды, түйгенімді жазып жүретін күнделіктерім бар, соларға отырамын. «Заманға көзқарас» деген мақала жазып жатырмын. Халықтың санасын ояту керек. Мүмкіндігінше сол міндетімді адал атқарсам деймін. Бірақ бір адам мұны жасай алмайды...

- Жас қаламгерлерге қандай кеңес бересіз?

- Бұған дейін де айттым. Әдебиетте жас деген болмайды. Сондықтан кеңес беру де, ақыл айту да орынсыз. Жәй жас жеткіншектердің болашақта кіслік келбетінен айрылмауын, азamatтық ажарына кір түсірмеуін тілеймін!

- Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге алғысымыз шексіз!

**Сұхбатасқан
Асылан Қуанышұлы**